

Алуа Жолдыбалина¹, Салтанат Ермаханова², Сағыныш Ахантаева³

¹ ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директордың орынбасары, PhD

e-mail: zholdybalinaalua@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0000-4435-1820>

² ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-ның

Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің басшысы, әлеу.ғ.к.

e-mail: essaltanat@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0005-6157-1995>

³ ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-ның аға сарапшысы, PhD

e-mail: 2000astana@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0002-5444-4304>

(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Ұлт, мемлекет және азаматтық қоғам – қоғамның тұрақты дамуы мен әлеуметтік үйлесімін қамтамасыз ететін негізгі құрылымдар. Солардың ішінде азаматтық қоғам жеке адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдырып, қоғамдық игілікті арттыруға қызмет ететін маңызды әлеуметтік институт ретінде танылады. Оның мәнін түсіну мен күнделікті өмірде қабылдануы әр елдің тарихи тәжірибесі мен мәдени ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады.

Қазақстан жағдайында азаматтық қоғам ұлттық жаңғыру мен мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылып отыр. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының аясында мемлекет қоғамдық бастамаларды қолдап, азаматтардың белсенділігін арттыруға көңіл бөліп келеді. Осындай өзгерістер қоғам мүшелерінің азаматтық қоғам туралы түсінігінің деңгейін зерттеуді өзекті етіп отыр.

Бұл мақалада халықтың «азаматтық қоғам» ұғымын қалай қабылдайтыны және оның мазмұнын қалай түсінетіні зерделенеді. Ұғымның ақпараттық кеңістікте жиі қолданылатынына қарамастан, оны көпшілік үстірт әрі әртүрлі мағынада қолданатыны анықталды. Әсіресе жастар арасында түсініктің әлсіз болуы азаматтық сауаттылықты арттыруға бағытталған ағартушылық жұмыстың қажет екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: азаматтық қоғам, мемлекет, қоғамдық сана, хабардарлық, азаматтық белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, даму, қатысу, парадигма, жұмылу.

Алуа Жолдыбалина, Салтанат. Ермаханова, Сағыныш Ахантаева ПОНИМАНИЕ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА В КАЗАХСТАНЕ: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. Нация, государство и гражданское общество представляют собой ключевые социальные конструкты, обеспечивающие устойчивое и эволюционное развитие человеческой цивилизации. В данной системе гражданское общество выполняет фундаментальную роль посредника, объединяющего индивидов в целях формирования благоприятных условий жизнедеятельности. При этом как теоретическое осмысление, так и эмпирическое восприятие гражданского общества во многом определяются историко-культурными особенностями конкретных обществ.

В контексте современного Казахстана гражданское общество рассматривается как неотъемлемый элемент национального развития. Государство стимулирует общественные инициативы, признавая их значимость в рамках новой идеологической парадигмы «Справедливого Казахстана». На этом фоне особый научный интерес вызывает степень информированности и уровень осознания населением сущности гражданского общества.

В статье представлен анализ понимания термина «гражданское общество» в массовом сознании. Несмотря на его устойчивое присутствие в информационном пространстве, содержание понятия часто воспринимается поверхностно и неоднозначно. Выявленный низкий уровень осведомленности, особенно среди молодежи, указывает на необходимость активизации просветительских инициатив.

Ключевые слова: *гражданское общество, государство, общественное сознание, информированность, гражданская активность, социальная ответственность, развитие, вовлеченность, парадигма, участие.*

Alua Zholdybalina, Saltanat Yermakhanova, Sagynysh Akhantayeva UNDERSTANDING CIVIL SOCIETY IN KAZAKHSTAN: A SOCIOLOGICAL ANALYSIS

Abstract. The concepts of nation, state, and civil society constitute fundamental social constructs that underpin the sustainable and evolutionary development of human civilization. Within this system, civil society plays a pivotal mediating role, uniting individuals to create favorable conditions for collective life. Both the theoretical understanding and the empirical perception of civil society are largely shaped by the historical and cultural context of specific societies.

In contemporary Kazakhstan, civil society is viewed as an integral component of national development. The state actively supports civic initiatives, recognizing their importance within the framework of the new ideological paradigm of a “Just Kazakhstan.” Against this backdrop, the level of public awareness and comprehension of the essence of civil society represents a subject of particular scholarly interest.

This article presents an analysis of how the term “civil society” is understood within popular consciousness. Despite its established presence in the public discourse, the concept is often perceived superficially and ambiguously. The observed low level of awareness, especially among young people, underscores the need to strengthen educational and outreach initiatives.

Keywords: *civil society, state, public consciousness, awareness, civic engagement, social responsibility, development, participation, paradigm, involvement.*

Кіріспе

«Азаматтық қоғам» ұғымының қаншалықты кең таралуы және оның мәнінің көпшілік санасында қаншалықты терең ұғынылуы тек азаматтардың әлеуметтік-саяси үдерістерге қатысу деңгейін ғана емес, сонымен бірге Қазақстанда жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың тиімділігін де жанама түрде көрсетеді. Азаматтық қоғамның мазмұнын халықтың түсінуі азаматтық белсенділікке, елде болып жатқан өзгерістерге деген жауапкершілік сезіміне және қоғамдық бастамаларға қатысуға дайындық деңгейіне тікелей ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан тұрғындарының «азаматтық қоғам» ұғымы туралы хабардар болу дәрежесін анықтау, оның мазмұны жөніндегі негізгі түсініктерін талдау және азаматтық қоғамның ұлттық деңгейде бар екеніне қаншалықты сенетінін бағалау. Сонымен қатар, зерттеу әлеуметтік-демографиялық топтар арасындағы айырмашылықтарды айқындап, азаматтық білім беруді күшейтудің өзектілігін көрсетеді.

Бұл тақырыптың маңыздылығы Қазақстанда азаматтық қоғам институтының қалыптасу үдерісінің жалғасуымен, сондай-ақ оның «Әділетті Қазақстан» идеологиялық тұжырымдамасы аясында ресми түрде маңызды бағыт ретінде айқындалуымен тығыз байланысты. Осы жағдайда «азаматтық қоғам» түсінігінің қоғамдық санадан қаншалықты орныққанын, әрі оны қабылдауға әсер ететін немесе керісінше тежейтін факторларды зерттеу айрықша мәнге ие.

Азаматтардың шешім қабылдау үдерістеріне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған мемлекеттік саясат трансформацияланып жатқан қазіргі кезеңде, азаматтық қоғамды халықтың қалай түсінетіні және оның мәнін қалай интерпретациялайтыны туралы нақты деректер аса қажет. Мұндай ақпарат тұрғындарды қоғамдық өмірге тартудың тиімді тетіктерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Осылайша, аталған зерттеу азаматтық сананың қазіргі ахуалын бағалауға және институционалдық әрі ағартушылық саясаттың ықтимал бағыттарын айқындауға үлес қосады.

Әдебиеттерге шолу

Азаматтық қоғамды әлеуметтік конструкт ретінде зерделеу қазіргі гуманитарлық ғылымда ерекше орын алады. ХХІ ғасырдың басында бұл ұғым мемлекетке қарсы тұратын институттар жиынтығы ғана емес, қоғамдық сенім, ынтымақтастық және әлеуметтік жауапкершілік тетіктері

қалыптасатын өзара әрекеттесу кеңістігі ретінде қарастырыла бастады [1]. Халықтың азаматтық қоғам туралы хабардарлығы мен оның мәнін қалай түсінетіні көпқабатты мәдени-өркениеттік бірегейлігі бар Қазақстан секілді елдер үшін айрықша маңызға ие, себебі мұнда шығыс және батыс құндылық бағдарлары тоғысады.

Батыс философиясында азаматтық қоғам туралы түсініктердің негізі антикалық дәуірден бастау алады. Платон мен Аристотель мемлекетке ортақ игілікті көздейтін ұжымдық өмір сүрудің нысаны ретінде қараған. Олардың пайымдауынша, жеке және қоғамдық мүдделер арасындағы үйлесім орнықты саяси тәртіптің басты шарты. Жаңа дәуірде Т. Гоббс, Дж. Локк және Ж.-Ж. Руссо қалыптастырған қоғамдық келісім идеясы азаматтық қоғамды нормативтік-құқықтық мазмұнмен толықтырып, мемлекет пен азаматтардың құқықтары мен міндеттерге негізделген өзара қатынасы қазіргі билік легитимділігін түсінудің негізін қалады. XIX-XX ғасырларда қоғам мен мемлекет арасындағы өзара ықпалдастық социологиялық және саяси-құқықтық тұрғыдан терең талданды. К. Маркс, Э. Дюркгейм, М. Вебер және А. де Токвиль еңбектерінде әлеуметтік бірігу тетіктері, өзін-өзі басқару институттары және демократиялық мәдениетті қалыптастырудағы қоғамдық бірлестіктердің рөлі ашып көрсетілді.

Қазіргі зерттеулерде азаматтық қоғам жаһандану, цифрландыру және желілік коммуникация тұрғысынан қарастырылады. Зерттеушілер цифрлық дәуірде жеке және қоғамдық кеңістіктің шекаралары көмескіленетінін, ал жаңа азаматтық белсенділік желі қауымдастықтары арқылы қалыптасатынын атап өтеді [2]. Сонымен қатар азаматтық қоғамның тұрақтылығы сенім және институттардың сапасы деңгейіне байланысты, ал әлеуметтік капиталдың демократиялық практикалардың тиімділігі үшін маңыздылығы ерекше көрсетіледі [3]. Осылайша, қазіргі теорияларда институционалдық өлшемдерден гөрі құндылықтық және коммуникативтік аспектілерге басымдық беріледі, бұл дамушы қоғамдарды талдау үшін айрықша маңызды [4].

Батыстық дәстүрге қарағанда, Шығыс философиясында қоғам мен мемлекеттің байланысы көбіне үйлесім, келісім және өзара жауапкершілік тұрғысынан түсіндіріледі. Қытайдың классикалық философиясында, әсіресе Конфуций ілімінде, мемлекет әділет, адамгершілік және билеуші мен халықтың өзара міндеттемелеріне негізделген моральдық тәртіп ретінде сипатталады [5]. Келісім, ізгілік және моральдық нормаларды ұстану қоғамдық тұрақтылық пен саяси жүйенің беріктігінің негізгі шарттары ретінде қарастырылады.

Шығыс ойшылдарының ішінде Ибн Синаның орны да айрықша, оның идеялары қоғамның адамгершілік-саяси құрылымын және ондағы индивидтің рөлін түсінуге құнды үлес қосады. Ол саяси философияны этикамен және ізгілікке бағытталған нормативтік ұстанымдармен ажырамас байланыста қарастырып, мемлекеттік құрылым ақылға қонымды танымға, адамгершілікке және шариғат қағидаттарына сүйенуі тиіс екенін атап өтеді [6].

Қазақстан философиялық дәстүрі үшін әл-Фарабидің мұрасы ерекше маңызға ие. Оның идеялары мұсылмандық және түркілік әлемдегі этикалық-саяси көзқарастардың қалыптасуына терең әсер етті. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» мен басқа да трактаттарында әл-Фараби қоғамды келісімге, моральдық бағдарға және рационалды ұйымдасуға негізделген жүйе ретінде сипаттап, билеушілер мен азаматтар арасындағы келісімнің ортақ игілік пен әділ мемлекеттік құрылымның алғышарты екенін атап өтеді [7, 8]. Оның ізгілік, әділет және адамгершілік келісім жөніндегі тұжырымдары әлеуметтік жауапкершілік, азаматтық мәдениет және этикалық көшбасшылықтың қазіргі түсініктерін алдын ала болжаған идеялар ретінде бағаланады.

Батыс және шығыс философиялық дәстүрлеріне сүйену Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуын рационалды-демократиялық модель элементтері мен моральдық-этикалық ынтымақ құндылықтарының үйлесімді синтезі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық ғылыми және академиялық дискурста азаматтық қоғамды қалыптастыру мен оның қызмет ету мәселелері әртүрлі философиялық және әлеуметтік-мәдени дәстүрлер призмасы арқылы талданады. Сонымен қатар азаматтық қоғам субъектілігінің елдің тарихи және мәдени дамуының ерекшеліктерін бейнелейтін өзіндік моделін айқындау үдерісі ерекше атап өтіледі.

Зерттеушілердің пікірінше, Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан, бұл үдеріс саяси институттардың модернизациясымен және батыстық демократиялық модельдерге бейімделуімен байланысты. Екінші жағынан, ол көшпелі және қауымдық мәдениетке негізделген дәстүрлі коллективизм формаларын сақтаумен және оларды қайта пайымдаумен қатар жүреді [9]. Дәстүрлі қазақ қоғамында құқықтық сана мен қоғамдық мінез-құлық нормалары моральдық-этикалық қағидаттар мен әдет-ғұрыптардың ықпалымен қалыптасып, әділет, өзара көмек және қоғамдық жауапкершілік ұғымдарының өзіндік қабылдануына негіз болды [10].

Қазіргі зерттеулер [11, 12] азаматтық қатысу мен хабардарлық деңгейі құқықтық мәдениеттің дамуына, қоғамдық бастамалардың жандануына және мемлекеттік институттарға деген сенімге тікелей байланысты екенін көрсетеді. Осы контекстте Қазақстандағы азаматтық қоғам үкіметтік емес ұйымдардың қызметімен шектелмей, еріктілік, қоғамдық кеңестер, жергілікті бастамалар сияқты сан алуан әлеуметтік практикалар арқылы да көрінеді. Бұл формалар шығыстық коллективизм элементтерін заманауи демократиялық қатысу қағидаттарымен ұштастырып, қазақстандық азаматтық қоғам моделінің гибриді сипатын айқындайды.

Әдебиеттерді талдау азаматтық қоғам феноменін Қазақстан жағдайында батыстық институционалдық қатысу теорияларын шығыстық моральдық жауапкершілік пен қоғамдық келісім жөніндегі түсініктермен толықтыратын өркениетаралық әдіснама тұрғысынан қарастыру қажеттігін көрсетеді. Азаматтардың хабардарлығы, сенім деңгейі және моральдық қатысуы орнықты азаматтық қоғамды қалыптастырудың негізгі фак-

торлары ретінде көрінеді. Осылайша, қазақстандық тәжірибе шығыс мәдени дәстүрлері мен заманауи демократиялық және социологиялық концепциялардың интеграциясы арқылы әлеуметтік келісім мен қоғамдық тұтастықтың бірегей моделін дамыту әлеуетін көрсетеді.


Талқылау және зерттеу нәтижелері

Азаматтық қоғамның мәнін түсіну және оны интерпретациялау қоғамдық сананың кемелдену деңгейін әрі демократиялық мәдениеттің сапасын айқындайтын маңызды көрсеткіш. Халықтың осы термин туралы хабардар болуы азаматтардың басқару процестеріне қаншалықты қатысатынын көрсетіп қана қоймай, мемлекеттік саясаттың тиімділігін де жанама түрде бейнелейді. Осы зерттеу аясында азаматтық қоғам туралы түсінік жаппай санада қаншалықты кең таралған және қаншалықты терең орныққанын анықтау мақсаты қойылды. Төменде негізгі талдау нәтижелері ұсынылады.

«Азаматтық қоғам» ұғымына көзқарас

Респонденттердің тек 19,6%-ы «азаматтық қоғам» ұғымын білетінін атап өткен (1-диаграмма). Тағы 40,6%-ы оны естігенімен, нақты анықтама бере алмайтынын көрсеткен. Сауалнамаға қатысқандардың 38,7%-ы бұл ұғымды кездестірмегенін айтқан. Бұл нәтижелер терминнің ақпараттық кеңістікте болғанымен, оның сұралғандар арасында әлсіз көрініс тапқанын көрсетеді.


1-диаграмма. «Азаматтық қоғам» деген ұғымды білесіз бе, естігенсіз бе, әлде алғаш рет қазір естіп отырсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың үлесі, %



Зерттеу нәтижелері қалалық және ауылдық тұрғындар арасында біраз айырмашылықтарды көрсетеді. Ауылдық жерлерде терминді білетін респонденттердің үлесі сәл жоғары – 20,7%, ал қалалықтар арасында бұл көрсеткіш 19%-ды құрады. Дегенмен, терминді бұрын-соңды кездестіпмегендер үлесі ауылдық жерлерде әлдеқайда басым: ауылдағылардың арасында 43,4% болса, қала тұрғындары арасында – 35,9%. Бұл ауылдық ортада хабардарлық деңгейінің поляризацияланғанын білдіруі мүмкін: қоғамдық өмірдің белсенді қатысушылары бұл ұғыммен таныс болса, халықтың басым бөлігі ақпараттық кеңістіктен тыс қалып

отыр. Қалаларда ақпарат арналарының көптігі мен азаматтық сектордың белсенділігіне байланысты білімнің біркелкі таралуы байқалады.

2-диаграмма. «Азаматтық қоғам» деген ұғымды білесіз бе, естігенсіз бе, әлде алғаш рет қазір естіп отырсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың үлесі, %



Ең жоғары хабардарлық деңгейі 46-60 жас аралығындағы респонденттер арасында байқалады (23,2%). Бұл көріністің себебі олардың жинақтаған кәсіби және өмірлік тәжірибесімен, сондай-ақ посткеңестік кезеңде азаматтық қоғам тұжырымдамасының қоғамдық дискурсқа белсенді енген кезеңіндегі ықтимал қоғамдық-саяси өмірге қатысуымен байланыстыруға болады. Ал жастар (18-29 жас) арасында терминді білетіндердің ең төменгі көрсеткіші анықталады – тек 18,6% ғана таныс екенін білдірсе, 46,4% алғаш рет естіп отыр. Бұл факт орта және жоғары білім беру жүйесінде осы тақырыптың жеткіліксіз қамтылуын және жастардың азаматтық қоғам институттарының қызметіне аз тартылуын көрсетуі мүмкін.

Жыныс бойынша қарасақ, орташа деңгейдегі айырмашылықтар байқалады. Ер азаматтар азаматтық қоғам туралы жиірек естиді: ерлер арасында 21,7% болса, әйелдер арасында 17,6% құрады. Әйелдер болса, көбінесе «бірдеңе естігенмін» деп көрсетеді (41,8% әйел, 39,2% ер адамдар), ал терминмен таныс емес респонденттердің үлесі екі топта шамамен тең. Бұл қоғамдық-саяси талқылауларға қатысу ерекшеліктерімен және ақпарат көздеріне қолжетімділікпен түсіндірілуі ықтимал.

1-кесте. «Азаматтық қоғам» деген ұғымды білесіз бе, естігенсіз бе, әлде алғаш рет қазір естіп отырсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың үлесі, %

Жауаптар	Жас топтары:				Гендер:	
	18-29	30-45	46-60	61+	Ер	Әйел
Білемін	18,6	18,1	23,2	19,0	21,7	17,6
Бірдеңе естігенмін	34,7	41,3	42,6	43,9	39,2	41,8
Алғаш рет естіп отырмын	46,4	39,2	32,7	35,7	38,0	39,3
Жауап беруге қиналамын	0,4	1,4	1,4	1,4	1,0	1,3

Қоғамдық санада азаматтық қоғамға қатысты біртұтас концептуалды түсінік жоқ, бірақ жалпы мәндік үлгілер байқалады. Зерттеу нәтижелері респонденттер «азаматтық қоғамды» әртүрлі түсінетінін көрсетеді. Жауаптарды талдау әртүрлі түсініктердің бар екенін айқындады. Ең жиі келтірілген сипаттамалар мыналар:

1. Сұралғандардың 21,6%-ы азаматтық қоғамды жоғары азаматтық белсенділік пен жауапкершілігі бар адамдар қоғамы деп түсінеді;

2. Әрбір бесінші респондент елдің барлық азаматтары, халық, жалпы қоғам деген пікірде (20,5%);

3. Тағы бір жиі кездесетін көзқарас – ортақ идеялар, мақсаттар, мүдделермен біріктірілген азаматтар топтары (15,7%).

Сонымен қатар, жиі айтылған басқа сипаттамалар диаграммада көрсетілген, олардың арасында келесілерді белгілеуге болады: құқықтық, еркін, демократиялық қоғам (14,5%), билікке әсер етуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге қабілетті қоғам (14,1%), сондай-ақ азаматтардың бірлігі мен тұтастығы (13,9%).

3-диаграмма. «Сіз «азаматтық қоғам» деген ұғымды қалай түсінесіз, ол нені білдіреді?» деген сұраққа жауаптардың үлесі, %



Ескерту: бұл сұраққа азаматтық қоғам ұғымын білетін немесе естіген респонденттер жауап берді.

«Азаматтық қоғам» ұғымының кеңінен танымал болуы және оған қатысты оң бағалардың болуы – маңызды жетістік болғанымен, зерттеу нәтижелері бұл түсініктің қоғамда әлі де толық қалыптаспағанын айғақтайды. Респонденттердің жауаптары азаматтық белсенділік пен қоғамдық жауапкершіліктен бастап құқықтық, демократиялық қоғам секілді абстрактілі түсініктерге дейінгі кең ауқымды қамтиды. Алайда, жалпы алғанда, қоғамдық қатысу, азаматтардың ортақ мүдделері мен құқықтық мемлекет құндылықтарына негізделген түсініктер жиі

қайталанып отыр. Бұл деректер «азаматтық қоғам» ұғымын тереңірек дәріптеп және азаматтық білім беру бағытында жұмыс істеудің қажеттігін көрсетеді, оның арқасында қоғамда бұл ұғымның мазмұны нақты әрі түсінікті болады.

Қалалар мен ауылдардағы азаматтық қоғамға қатысты түсініктер негізінен ұқсас болғанымен, біраз айырмашылықтар байқалады. Қалалықтар азаматтық қоғамды азаматтардың белсенділігі мен жауапкершілігімен жиі байланыстырады (23,4%), ал ауыл тұрғындарының арасында бұл көрсеткіші 18%-ға тең. Сонымен қатар, ауылдық жердегі респонденттер азаматтық қоғамды бүкіл халықтың бірлігі ретінде көбірек қабылдайды (22,1%), қалада бұл көрсеткіш 19,7% құрайды. Билікке ықпал ету және әлеуметтік мәселелерді шешу тұрғысынан ауылдықтар бұл ұғымды қалалықтарға қарағанда жиі айтады (17,2% және 12,6% тиісінше). Қалалықтар азаматтық қоғамды мәдениетті дамыған қоғаммен жиі байланыстырады (14,2%), ал ауылдықтарда бұл көрсеткіш төменірек (9%). Сонымен қатар, қалаларда бірлік пен ұйысу ұғымдары көбірек көрініс табады (15,1% және 11,5%).

Бұл айырмашылықтар азаматтық қоғамды қабылдау деңгейіндегі әртүрлілікті, ақпараттық кеңістіктің және қоғамдық-саяси өмірге қатысу мүмкіндіктерінің айырмашылығын көрсетеді.

2-кесте. «Азаматтық қоғам» деген ұғымды қалай түсінесіз?

Оның мағынасы қандай?» деген сұраққа берілген жауаптардың үлесі

Жауаптар	Қала	Ауыл
Жоғары азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігі бар адамдар қоғамы	19,7	22,1
Азаматтар, қоғам, бөріміз	23,4	18
Ортақ идеялар, мақсаттар, мүдделермен біріктірілген азаматтар топтары	16,5	13,9
Құқықтық, еркін, демократиялық қоғам	15,3	13,1
Билікке ықпал ете алатын, әлеуметтік мәселелерді шеше алатын азаматтар қоғамы	12,6	17,2
Бірлік пен тұтастықты көрсететін азаматтар қоғамы	15,1	11,5
Патриотизммен ерекшеленетін адамдар қоғамы	14,2	9
Дамыған, өркениетті, мәдениетті қоғам	13,8	11,9
Басқа адамдарға қамқорлық көрсететін адамдар қоғамы	7,7	4,5
Арнайы азаматтар категориялары	12,3	11,1
Жауап беруге қиналамын	1,9	2

Ескерту: бұл сұраққа азаматтық қоғам ұғымын білетін немесе естіген респонденттер жауап берді.

Жыныс және жас ерекшеліктеріне қарайтын болсақ, жастар мен орта жастағы респонденттер азаматтық белсенділік пен демократиялық қағидаттарға көбірек мән береді деп болжауға болады (3-кесте). Ал егде жастағы қатысушылар азаматтық қоғамды көбірек бүкіл халық, қоғам ретінде немесе билікке ықпал етудің құралы ретінде қабылдайды.

Жалпы, әйелдер азаматтық қоғамды инклюзивті және әлеуметтік бағытталған түсінікпен қарауға бейім, ал ер адамдар – патриоттық пен ықпал мәселелеріне көңіл бөледі.

Жастар арасында (18-29 жастағылар) азаматтық қоғамды демократиялық және құқықтық деп санайтындардың үлесі жоғары (18,5%). 30-45 жас аралығындағы респонденттердің 24,4%-ы арасында азаматтық қоғамды жоғары азаматтық белсенділікке ие адамдар ретінде сипаттайды.

Әйелдер ер адамдарға қарағанда азаматтық қоғамды жиірек барлық азаматтар деп қабылдайды (23,5%), сондай-ақ оны азаматтық белсенділікпен байланыстыратындардың үлесі де жоғары (23,7%). Ер адамдар арасында да бұл жауаптар басымдыққа ие, дегенмен үлесі жаңыған біраз төмен: сәйкесінше 19,7% және 17,1%-ды құраған. Және ерлер әйелдерге қарағанда «билікке ықпал ете алатын, әлеуметтік мәселелерді шеше алатын азаматтар қоғамы» деген жауапқа жиірек мән береді (15,4%), сондай-ақ «патриотизммен ерекшеленетін адамдар қоғамы» және «дамыған, өркениетті, мәдениетті қоғам» деген сияқты сипаттамаларға көбірек көңіл бөледі (14%).

3-кесте. «Азаматтық қоғам» дегенді қалай түсінесіз, ол не білдіреді?» деген сұраққа берілген жауаптардың үлесі

Жауаптар	Жас топтары:				Гендер:	
	18-29	30-45	46-60	61+	Ер	Әйел
Жоғары азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігі бар адамдар қоғамы	17,1	22	18,7	23,7	17,1	23,7
Азаматтар, қоғам, бәріміз	20,5	24,4	21,9	17,3	19,7	23,5
Ортақ идеялар, мақсаттар, мүдделермен біріктірілген азаматтар топтары	14,4	16,4	18,7	11,5	16	15,4
Құқықтық, еркін, демократиялық қоғам	18,5	14,4	13,9	11,5	14,5	14,6
Билікке ықпал ете алатын, әлеуметтік мәселелерді шеше алатын азаматтар қоғамы	15,8	12,4	12,8	17,3	15,4	12,9
Бірлік пен тұтастықты көрсететін азаматтар қоғамы	14,4	14,4	10,2	17,3	12,8	14,8
Патриотизммен ерекшеленетін адамдар қоғамы	17,1	10	13,9	10,1	14	11,1
Дамыған, өркениетті, мәдениетті қоғам	9,6	16,4	10,2	15,1	14	12,4
Басқа адамдарға қамқорлық көрсететін адамдар қоғамы	6,8	8	5,9	5,0	7,1	6,2
Арнайы азаматтар категориялары	10,3	11,6	13,9	11,5	12	11,9
Жауап беруге қиналамын	0,7	2,8	2,7	0,7	2	1,9

Ескерту: бұл сұраққа азаматтық қоғам ұғымын білетін немесе естіген респонденттер жауап берді.


Қазақстанда азаматтық қоғамның бар екеніне деген сенім: қоғамдық пікірдің құрылымы

Зерттеу нәтижелері азаматтардың «азаматтық қоғам» ұғымын толық әрі бірізді түсінбеуіне қарамастан, оның елімізде бар екеніне жоғары деңгейде сенетінін көрсетті. Көпшілік үшін азаматтық қоғам нақты институционалдық және әлеуметтік құбылыс ретінде қабылданады.

Сауалнама деректеріне сәйкес, респонденттердің 79,5%-ы Қазақстанда азаматтық қоғам бар деп есептейді. Олардың 27%-ы бұған толық сенімді болса, 52,5%-ы «негізінен бар» деген пікірде. Бұл көрсеткіш азаматтық қоғам туралы түсінік көбіне ғылыми анықтамадан емес, азаматтық бастамалар, мемлекеттік емес ұйымдар, қоғамдық кеңестер және түрлі әлеуметтік белсенділік түрлерімен байланыстырылатынын меңзейді.

Сонымен қатар, респонденттердің 15,8%-і оның бар екеніне күмәнмен қарайды: 13,6%-ы «негізінен жоқ» деп жауап берсе, 2,2%-ы «мүлдем жоқ» деген көзқараста. Бұл топ азаматтық қоғамды жоғары деңгейдегі қоғамдық бақылау, институттардың дербестігі және шешім қабылдауға азаматтардың тұрақты қатысуы сияқты стандарттармен байланыстыруы мүмкін.

4-диаграмма. «Сіздің ойыңызша, Қазақстанда қазіргі таңда азаматтық қоғам бар ма, жоқ па?» деген сұраққа жауаптардың үлесі, %




Ескерту: бұл сұраққа азаматтық қоғам ұғымын білетін немесе естіген респонденттер жауап берді.

Жалпы алғанда, сауанама қорытындылары маңызды үрдісті көрсетеді: Қазақстанда азаматтық қоғамның бар екеніне сенім оның мазмұнын терең түсінуге қарағанда тезірек қалыптасып отыр. Бұл жаңғыру кезеңіндегі қоғамдар үшін тән құбылыс. Мұндай үрдіс азаматтардың қоғамдық өмірге қатысуға бейімділігін білдіреді, бірақ азаматтық сауаттылықты арттыру мен түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін де көрсетеді.

Қала мен ауыл тұрғындары арасында азаматтық қоғамды оң қабылдаудың жалпы деңгейінің жоғары екенін көрсетті, алайда оның бар екендігіне сенімділік деңгейі әртүрлі. Ауыл жерлерінде азаматтық қоғамның бар екеніне сенетіндердің үлесі едәуір жоғары – 37,3%, қала тұрғындары арасында бұл көрсеткіш 21,8%-ды құрайды. Ал қалалық

ортада «негізінен бар» деп санайтындардың үлесі жиірек кездеседі – 55,2%, ал ауылдық жерде – 47,1%. Қала тұрғындары арасында күмәнмен қарайтындар саны да жоғары: «негізінен жоқ» және «мүлдем жоқ» деген жауаптардың жиынтық үлесі 17,1%-ды, ал ауылдық жерлерде 13,1%-ды құрайды. Сонымен қатар, жауап беруде қиындық танытқандар қалада көбірек – 5,9% болса, ал ауылдарда бұл көрсеткіш 2,5%-ды құрайды.

5-диаграмма. «Қазақстанда қазіргі уақытта азаматтық қоғам бар ма, жоқ па?» деген сұраққа берілген жауаптардың үлесі, %



Ескерту: бұл сұраққа азаматтық қоғам ұғымын білетін немесе естіген респонденттер жауап берді.

Респонденттердің жынысы бойынша жауаптарына салыстырмалы талдау айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетпесе де, белгілі бір тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Позитивті қабылдау деңгейі («Әрине бар» + «негізінен бар») ең жоғары 30-45 жас аралығындағы респонденттерде байқалады – 81,2%, одан кейін 18-29 жас аралығы – 80,8%. 46-60 жас аралығындағы және 61 жастан асқан респонденттерде позитивті бағалау деңгейі сәл төмен – тиісінше 77% және 78,4%. Скептикалық пікірлер жастың ұлғаюына байланысты артады: 18-29 жас аралығында теріс жауаптар 13% болса, 46-60 жас аралығында – 19,3%.

Сонымен қатар, әйелдер қазіргі таңда Қазақстанда азаматтық қоғам бар ма, әлде жоқ па деген сұраққа позитивті көзқарасты жиірек білдірген – 81,4%, дегенмен ерлер арасында да бұл көрсеткіш жоғары – 77,5% құрады.

4-кесте. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда Қазақстанда азаматтық қоғам бар ма, әлде жоқ па?» деген сұраққа берілген жауаптардың үлесі

Жауаптар	Жас топтары:				Гендер:	
	18-29	30-45	46-60	61+	Ер	Әйел
Әрине бар	34,2	21,6	28,9	26,6	27,9	26,1
Негізінен бар	46,6	59,6	48,1	51,8	49,6	55,3
Негізінен жоқ	11,6	12,8	16,6	12,9	15,7	11,6
Мүлдем жоқ	1,4	2,0	2,7	2,9	2,8	1,6
Жауап беру қиын	6,2	4,0	3,7	5,8	4,0	5,4

Ескерту: бұл сұраққа азаматтық қоғам ұғымын білетін немесе естіген респонденттер жауап берді.

Деректер Қазақстан халқының азаматтық қоғамның институционалды түрде бар екендігіне сенімінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді, алайда бұл ұғымның толық және нақты концептуалды түсінігі әлі қалыптаспаған. Қоғамдық қабылдау негізінен позитивті және барлық әлеуметтік-демографиялық топтарда салыстырмалы түрде тұрақты болып отыр. Жалпы нәтижелер азаматтық қоғам ұғымын теориялық тұрғыдан әрі ағартушылық тұрғыда тереңдетіп қарастыру қажеттілігін айқындайды.

Қорытынды

Қазіргі зерттеулер көрсетіп отырғандай, азаматтық қоғам туралы тұрақты ұғымдардың болуы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық қатысуды арттыру және мемлекеттік жүйенің тұрақтылығын нығайту үшін маңызды шарт. Жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері Қазақстанда азаматтық қоғамды қабылдауда концептуалды дихотомия байқалатынын, ол бірнеше негізгі аспектілерде көрініс тапқан.

1. Қабылдаудың біркелкі еместігі. «Азаматтық қоғам» ұғымының қоғамдық және ақпараттық кеңістікте кездесетініне қарамастан, халық арасында оның мәнін терең түсіну деңгейі шектеулі болып қалуда. Респонденттердің шамамен 39%-ы сауалнама барысында алғаш рет естіп тұрғанын көрсетті, ал тек 19,6%-ы оған сенімді түрде таныс екенін білдірді. Бұл концептің халық сана-сезіміне жеткілікті дәрежеде орнықтағанын және азаматтық дискурстың шектеулі екенін көрсетеді.

2. Концептуалды әртүрлілік. «Азаматтық қоғам» ұғымына берілетін түсіндірмелер өте алуан түрлі. Респонденттердің бір бөлігі азаматтық қоғамды азаматтардың белсенділігімен және әлеуметтік жауапкершілігімен байланыстыра түсіндірсе, енді бір бөлігі оны демократиялық және құқықтық құрылымның абстрактілі сипаттамалары арқылы ұғындырады. Соған қарамастан, жауаптар жиынтығында бірқатар ортақ мағыналық элементтер айқындалады. Олар – қатысу, ұйымдасу және ортақ мақсаттарға бағдарлану. Бұл азаматтық қоғамды түсінудің эмпириялық деңгейде де белгілі бір тұрақтылыққа ие екенін көрсетеді.

3. Институционалды азаматтық қоғамға тұрақты сенім. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, азаматтық қоғам туралы қандай да бір түсінігі бар респонденттердің 79,5%-ы азаматтық қоғам Қазақстанда бар деп есептейді. Бұл пікір барлық әлеуметтік-демографиялық топтарда біркелкі байқалады. Мұндай тұрақты сенім азаматтық қоғамды халық нақты жұмыс істейтін институт ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Ерекше назар аударарлығы – мұндай сенім респонденттердің азаматтық қоғам туралы теориялық білім деңгейіне тікелей тәуелді емес. Бұл құбылыс азаматтық қоғамды практикалық құбылыс ретінде көбірек қабылдайтынын меңзейді.

4. Концептуалдық және ақпараттық қолдаудың қажеттілігі. Зерттеу барысында анықталған маңызды тұжырым – азаматтық қоғамның бар екеніне сенім жоғары болғанымен, оның мазмұны жөніндегі түсінік әлсіз. Бұл азаматтық білім беру, қоғамдық-саяси сауаттылықты арттыру және ұғымның мазмұнын нақтылау бағытында жүйелі жұмыс жүргізудің

қажет екенін көрсетеді. Азаматтық қоғам туралы қарапайым, түсінікті әрі ғылыми негізделген ақпараттық рамкалар қалыптастыру, қоғамдық дискурсты дамыту және тиісті институттарды қолдау – саналы азаматтық қатысудың негізгі алғышарттары.

Жалпы алғанда, Қазақстанда толыққанды азаматтық қоғамды қалыптастыру екі фактордың үйлесуі арқылы мүмкін: азаматтардың оның мәндік сипаттарын кеңінен түсінуі және қоғам өміріне белсенді әрі саналы қатысуы. Бұл тек институционалды түрде ғана емес, азаматтық қоғамның мазмұндық негізде де дамуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік саясаттың азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу тиімділігін арттыру үшін азаматтық білім беру және ағартушылық бағыттағы жүйелі бағдарламаларды дамытуға назар аудару маңызды. Бұл халық арасында азаматтық қоғамның рөлі мен маңызын тұрақты түсінуді қалыптастыруға ықпал етеді. Мемлекеттік құрылымдар, білім беру мекемелері және азаматтық сектор ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту азаматтық құзыреттілік пен азаматтардың қоғамдық процестерге қатысу деңгейін арттырады. Сонымен қатар, әртүрлі әлеуметтік топтардың азаматтық қоғамды қабылдау ерекшеліктерін анықтауға бағытталған тұрақты зерттеулер жүргізу қажет, бұл мемлекет коммуникациялық стратегияларын бейімдеуге және олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ерекше мәні бар аспект – азаматтардың мемлекеттік бастамаларды талқылау және іске асыруға тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін инклюзивті қоғамдық диалог моделдерін қалыптастыру. Аталған шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру әлеуметтік капиталды нығайтуға, билік институттарына деген сенімділікті арттыруға ықпал етеді.

Қаржыландыру көзі: Жұмыс «Қоғамдық келісімді құру жағдайында үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін зерттеу» (ЖТН № BR24993126) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Evers A. The concept of 'civil society': different understandings and their implications for third sector policies //Voluntary Sector Review. – 2013. – Т. 4. – №. 2. – С. 149-164.
2. Кастельс М. Коммуникация, власть и контр-власть в сетевом обществе //Концепция «общества знания» в современной социальной теории. – 2010. – №. 2010. – С. 227-232.
3. Fukuyama F. Social capital and civil society. – International Monetary Fund, 2000. <https://www.imf.org/external/pubs/ft/wp/2000/wp0074.pdf> (қапалған күні: 01.03.2025)
4. Jekebayeva M., Muratova M., Issayeva M. Signs of Civil Society in Kazakhstan //Akademik Tarih ve Düşünce Dergisi. – 2022. – Т. 9. – №. 2. – С. 317-326.
5. Tsai W. D., Chistyakov D. I., Chistyakova O. V. Confucian Thesis of Moral

- Politics and its Development //Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Философия. – 2024. – Т. 28. – №. 3. – С. 885-902.
6. Ibrahim A. Ibn Sina and the Philosophy of Law and the State // Journal of Malaysian and Comparative Law. – 2018. – Volume 7, Issue 2 – URL: <https://ejournal.um.edu.my/index.php/JMCL/article/view/15240> (қаралған күні: 01.03.2025)
7. Iskakova, Z. E. (2020). The virtuous city of al-Farabi and Aurovil city in India. Journal of Oriental Studies, 94(3), 78-84. <https://doi.org/10.26577/JOS.2020.v94.i3.10>
8. Suleymenov, P., & Kassymbayev, K. (2020). Socio-cultural foundations of al-Farabi's idea of "happiness". Journal of Oriental Studies, 94(3), 20-26. DOI: <https://doi.org/10.26577/JOS.2020.v94.i3.02>
9. Abdrasulov E. B., Gubaidullin M. G. Influence of Public Consciousness in Traditional Kazakh Society on Collective and Individual Legal Consciousness //Journal of Advanced Research in Law and Economics. – 2019. – Т. 10. – №. 5. – С. 1370-1374.
10. Sharivkan Z. et al. Analysis of the Main Trends in the Development of Civil Society Institutions in the Republic of Kazakhstan //International Electronic Journal of Mathematics Education. – 2016. – Т. 11. – №. 7. – С. 2203-2212.
11. Knox, C., & Yessimova, S. (2015). State-Society Relations: NGOs in Kazakhstan. Journal of Civil Society, 11(3), 300-316. DOI: <https://doi.org/10.1080/17448689.2015.1058322>
12. Civil Society and Non-Governmental Organizations in the Republic of Kazakhstan. Foundation Office Kazakhstan – Konrad-Adenauer-Stiftung. (2022). URL: <https://www.kas.de/en/web/kasachstan/single-title/-/content/civil-society-and-ngo> kas.de (қаралған күні: 01.03.2025)

REFERENCES:

1. Evers A. The concept of 'civil society': different understandings and their implications for third sector policies //Voluntary Sector Review. – 2013. – Т. 4. – №. 2. – С. 149-164.
2. Kastels M. Kommunikaciya, vlast i kontr-vlast v setevom obshestve [Communication, power and counter-power in a networked society] //Concept "community of knowledge" in modern social theory. – 2010. – №. 2010. – С. 227-232.
3. Fukuyama F. Social capital and civil society. – International Monetary Fund, 2000. <https://www.imf.org/external/pubs/ft/wp/2000/wp0074.pdf>. (accessed: 01.03.2025)
4. Jekebayeva M., Muratova M., Issayeva M. Signs of Civil Society in Kazakhstan //Akademik Tarih ve Dusunce Dergisi. – 2022. – Т. 9. – №. 2. – С. 317-326.
5. Tsai W. D., Chistyakov D. I., Chistyakova O. V. Confucian Thesis of Moral Politics and its Development //Vestnik Rossijskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Filosofiya. – 2024. – Т. 28. – №. 3. – С. 885-902.
6. Ibrahim A. Ibn Sina and the Philosophy of Law and the State // Journal of Malaysian and Comparative Law. – 2018. – Volume 7, Issue 2 – URL: <https://ejournal.um.edu.my/index.php/JMCL/article/view/15240> (accessed: 01.03.2025)
7. Iskakova, Z. E. (2020). The virtuous city of al-Farabi and Aurovil city in India. Journal of Oriental Studies, 94(3), 78-84. <https://doi.org/10.26577/JOS.2020.v94.i3.10>
8. Suleymenov, P., & Kassymbayev, K. (2020). Socio-cultural foundations of al-Farabi's idea of "happiness". Journal of Oriental Studies, 94(3), 20-26. DOI: <https://doi.org/10.26577/JOS.2020.v94.i3.02>
9. Abdrasulov E. B., Gubaidullin M. G. Influence of Public Consciousness in Traditional Kazakh Society on Collective and Individual Legal Consciousness // Journal of Advanced Research in Law and Economics. – 2019. – Т. 10. – №. 5. – С. 1370-1374.
10. Sharivkan Z. et al. Analysis of the Main Trends in the Development of Civil Society Institutions in the Republic of Kazakhstan //International Electronic Journal of Mathematics Education. – 2016. – Т. 11. – №. 7. – С. 2203-2212.

-
11. Knox, C., & Yessimova, S. (2015). State-Society Relations: NGOs in Kazakhstan. *Journal of Civil Society*, 11(3), 300-316. DOI: <https://doi.org/10.1080/17448689.2015.1058322>
12. Civil Society and Non-Governmental Organizations in the Republic of Kazakhstan. Foundation Office Kazakhstan – Konrad-Adenauer-Stiftung. (2022). URL: <https://www.kas.de/en/web/kasachstan/single-title/-/content/civil-society-and-ngo> kas.de (accessed: 01.03.2025)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 25-04-2025

Мақаланың жарияланған күні: 19-12-2025